

**ISSN: 1814 - 6961**  
**E-ISSN: 2788-9718**

# **ОТАН ТАРИХЫ**

## **ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛ**

**Үш айда бір рет шығатын ғылыми журнал**  
**2021, № 4 (96)**

**4 /2021**

**Бас редактор**  
Қабылдинов Зиябек Ермұханұлы

**Редакциялық алқа**

*Абдырахманов Толобек Абылович – тарих ғылымдарының докторы, профессор, И. Арабаев атындағы Қырғыз Мемлекеттік университетінің ректоры (Қырғызстан).*

*Аязан Бүркітбай Фелманұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Мемлекет тарихы институты директорының орынбасары (Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан).*

*Әбусейітова Меруерт Қуатқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі. Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының тарихи материалдарды зерттеу жөніндегі республикалық орталығының директоры, ЮНЕСКО-ның «Ғылым және руханият» кафедрасының меңгерушісі (Алматы қ., Қазақстан).*

*Әбіл Еркін Аманжолұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Мемлекет тарихы институтының директоры (Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан).*

*Әжіғали Серік Ескендірұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Шығыс елдері архитектурасы Халықаралық академиясының корр.-мүшесі, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас ғылыми қызметкері (Алматы қ., Қазақстан).*

*Әлімбай Нұрсан – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік музейінің директоры (Алматы қ., Қазақстан).*

*Жұмағұлов Қалқаман Тұрсынұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, «Дүниежүзі тарихын зерттеу орталығының» директоры, Геттинген университетінің (Германия) құрметті профессоры (Алматы қ., Қазақстан).*

*Смағұлов Оразақ Смағұлұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Италияның Болонья Ғылым Академиясының мүше корреспонденті, ҚР Ұлттық музейінің физикалық антропология лабораториясының меңгерушісі (Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан).*

*Кудряченко Андрей Иванович – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Украина Ұлттық ғылым академиясының Дүниежүзі тарихы институтының директоры (Украина).*

*Көмеков Болат Ешмұхамедұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Қыпшақтану Халықаралық институтының директоры, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразиялық Ұлттық университетінің профессоры (Алматы қ., Қазақстан).*

*Любичанковский Сергей Валентинович – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Орынбор Мемлекеттік Педагогикалық университетінің Ресей тарихы кафедрасының меңгерушісі (РФ)*

*Мұхтар Әбілсейіт Қапизұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, «Сарайшық» Мемлекеттік тарихи-мәдени қорығының директоры, (Атырау қ., Қазақстан).*

*Петер Финке (Dr. Peter Finke) – PhD, Макс Планк атындағы Институт, Цюрих университеті (Швейцария)*

*Сыдықов Ерлан Бәтташұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ректоры (Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан).*

*Уяма Томохико – PhD, Хоккайдо университетінің Славян-Еуразиялық зерттеулер орталығының профессоры (Жапония).*

**Жауапты редактор**

Құдайбергенова Айжамал Ибрагимқызы

**Ғылыми редактор**

Қозыбаева Махаббат Мәлікқызы

**Жауапты хатшы**

Мурзаходжаев Қуаныш Мәдиұлы

**Техникалық хатшы**

Зикирбаева Венера Серікқызы

**Главный редактор**  
Кабульдинов Зиябек Ермуханович

**Редакционная коллегия**

*Абдырахманов Толобек Абылович – доктор исторических наук, профессор, ректор Кыргызского государственного университета имени И. Арабаева (Кыргызстан)*

*Абусеитова Меруерт Хуатовна – доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Республиканского центра по изучению исторических материалов Института востоковедения имени Р.Б. Сулейменова, заведующая кафедрой ЮНЕСКО «Наука и духовность» (г. Алматы, Казахстан)*

*Алимбай Нурсан – кандидат исторических наук, профессор, директор Центрального государственного музея Республики Казахстан (г. Алматы, Казахстан).*

*Абиль Еркин Аманжолович – доктор исторических наук, профессор, директор Института истории государства (г. Нур-Султан, Казахстан)*

*Аяган Буркитбай Гелманович – доктор исторических наук, профессор, заместитель директора Института истории государства, (г. Нур-Султан, Казахстан)*

*Ажигали Серик Ескендинович – доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. Международной академии архитектуры стран Востока, главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова (г. Алматы, Казахстан)*

*Жумагулов Калкаман Турсынович – доктор исторических наук, профессор, почетный профессор Гёттингенского университета в Германии, директор Республиканского научно-исследовательского центра по изучению всемирной истории Казахского национального университета имени аль-Фараби (г. Алматы, Казахстан)*

*Исмагулов Оразак Исмагулович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, член-корр. Болонской АН (Италия), заведующий лабораторией физической антропологии Национального музея РК (г. Нур-Султан, Казахстан)*

*Кудряченко Андрей Иванович – доктор исторических наук, профессор, директор Института всемирной истории Национальной академии наук Украины (Украина)*

*Кумеков Болат Ешмухамбетович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, директор Международного института кипчаковедения Казахского национального университета имени аль-Фараби, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (г. Алматы, Казахстан)*

*Любичанковский Сергей Валентинович – доктор исторических наук, профессор, заведующий кафедрой истории России Оренбургского государственного педагогического университета (Россия)*

*Мухтар Абилсейит Капизулы – доктор исторических наук, профессор, директор Государственного историко-культурного музея-заповедника «Сарайшық» (г. Атырау, Казахстан)*

*Петер Финке (Dr. Peter Finke) – доктор PhD, Институт Макса Планка, университет Цюриха (Швейцария)*

*Сыдыков Ерлан Батташевич – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (г. Нур-Султан, Казахстан)*

*Уяма Томохико – PhD, профессор Центра славянско-евразийских исследований Университета Хоккайдо (Япония)*

**Ответственный редактор**

Кудайбергенова Айжамал Ибрагимовна

**Научный редактор**

Козыбаева Махаббат Маликовна

**Ответственный секретарь**

Мурзаходжаев Куаныш Мадиевич

**Технический секретарь**

Зикирбаева Венера Сериковна

**Chief editor**  
Kabuldinov Ziyabek Yermukhanovich

**Members of editorial board**

*Abdyrakhmanov Tolobek Abylovich – doctor of historical sciences, professor. Rector of I. Arbaev Kyrgyz State University (Bishkek, Kyrgyzstan)*

*Abuseitova Meruert Huatovna – doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of National Academy of Science Republic of Kazakhstan, Director of the Republican Center for the Study of Historical Materials of the Institute of Oriental Studies named after R.B. Suleimenov, Head of the UNESCO Department “Science and Spirituality” (Almaty, Kazakhstan)*

*Alimbay Nursan – candidate of historical sciences, professor, Director of the State Museum Republic of Kazakstan (Almaty, Kazakhstan)*

*Abil Yerkin Amanzholuly – doctor of historical sciences, professor, director at Institute of history of the state (Nur-Sultan, Kazakhstan)*

*Ayagan Burkitbai Gelmanovich – doctor of historical sciences, professor, deputy director at Institute of history of the state (Nur-Sultan, Kazakhstan)*

*Azhigali Serik Eskendirovich – doctor of historical sciences, professor, corresponding member of eastern countries international academy of architecture, chief researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ehnology (Almaty, Kazakhstan)*

*Zhumagulov Kalkaman Tursunovich – doctor of historical sciences, academician, professor at Al-Farabi Kazakh National University. Director of the Research Center on World History Studies. Emeritus Professor of German Göttingen University (Almaty, Kazakhstan)*

*Ismagulov Orazak Ismagulovich – Doctor of Historical Sciences, professor, academician of the National Academy of Sciences of the Kazakhstan Republic, member-correspondent of Bologna Academy of Sciences (Italy), head of the laboratory of Physical Anthropology of the National museum of Kazakhstan Republic (Nur-Sultan, Kazakhstan)*

*Kudriachenko Andrey Ivanovich – doctor of historical sciences, professor, director of Institute of World History of the National Academy of Sciences of Ukraine (Kiev, Ukraine)*

*Kumekov Bolat Yeshmukhameduly – doctor of historical sciences, professor, National Academy of Science Republic of Kazakhstan, director at International Institute of Kipchak Studies, Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan)*

*Sergey V. Lyubichankovskiy – doctor of historical sciences, professor, Head of the Department of Russian History, Orenburg State Pedagogical University (Russia)*

*Mukhtar Abilsseit Kapizuly – doctor of historical sciences, professor, director of the State Historical and Cultural Museum-Reserve “Sarayshyk” in Atyrau (Atyrau, Kazakhstan)*

*Peter Finke – PhD, Max Planck Institute, University of Zurich (Switzerland)*

*Sydykov Yerlan Battashevich – doctor of historical sciences, professor, National Academy of Science Republic of Kazakhstan. Rector of the L.N. Gumilev Eurasian National University (Nur-Sultan, Kazakhstan)*

*Uyama Tomohiko – PhD, professor at Slavic Research Center, Hokkaido University (Japan)*

**Executive Editor**

Kudaibergenova Aizhamal Ibragimovna

**Executive Secretary**

Murzakhodzhayev Kuanysh Madievich

**Scientific Editor**

Kozybayeva Makhabbat Malikovna

**Technical secretary**

Zikirbayeva Venera Serikovna

**Редакцияның мекен-жайы:**

050100, Қазақстан Республикасы,  
Алматы қ., Шевченко көшесі, 28,

Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты,

«Отан тарихы» журналының редакциясы

Телефон: +7 (727) 272-46-54

E-mail: [Otanhistory@gmail.com](mailto:Otanhistory@gmail.com)

Электрондық мекен-жай:

<http://infohistory.info>

Журнал 1998 жылдан бастап шығады.

Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде

1998 ж. 9 наурызда тіркеліп, N 158-ж кәуәлігіне ие болды.

Мақалаларды қайта бастырып жариялағанда, микрофильмге және басқа да көшірмелерге түсіргенде міндетті түрде журналға сілтеме жасау қажет.

State Archives of the city of Temirtau (after – SACT). F. 9. Op.1. D.1. L.55

SACT. F. 303. Op.1. D. 2. L.17

SACT. F. 17. Op.1. D. 7. L.7,13

SACT. F.17. Op.1. D. 11. L.1

SACT. F. 17. Op.1. D. 20. L.5

SACT. F. 17. Op.1. D. 33. L.112

SACT. F. 17. Op.1. D. 35. L. 26

SACT. F. 17. Op.1. D. 42. L. 4-8

State Archive of the North Kazakhstan region (after – SANKR). F. 27. Op.1. D. 21. L.19-20

SANKR. F.1189. Op.1. D. 3. L. 6

SANKR. F.1189. Op.1. D. 6. L. 50

SANKR. F.1189. Op.1. D. 7. L.76

SANKR. F.1189. Op.1. D.13. L.30

Iz istorii deportacij. Kazahstan. 1930–1935 gg (from the history of deportations. Kazakhstan. 1930-1935). Sbornik dokumentov. T.1. Almaty: LEM, 2012. 772 s.

Kim M.YU. Karaganda. ZHizn' lyudej v gorode uglya. 1931-1941 gg. (Karaganda. The life of people in the city of coal). Moskva: Politicheskaya enciklopediya. 2017. 216 s.

Malybaeva B.S. Rost migracii russkogo naseleniya v Central'nyj Kazahstan (1926-1939 gg.) (Growth of migration of the Russian population to Central Kazakhstan (1926-1939): Avtoref. diss. ... kand. ist. nauk. Karaganda, 1999. 30 c.

Shajmuhanov D.A., Shajmuhanova S.D. Karlag (Karlag). Karaganda, 1997. 216 s.

Spravochnik po administrativno-territorial'nomu deleniyu Kazahstana (Reference book on the administrative-territorial division of Kazakhstan). Alma-Ata: Arhivnoe upravlenie MVD Kazahskoj SSR, 1959.

Sobranie zakonodatel'stva Kaz ASSR (1920-1936) (Collection of legislation of the Kazaks ASSR (1920-1936). Alma-Ata. 1969.

Specpereseleny v Karagandinskoj oblasti (Special settlers in the Karaganda region). Sostaviteli: ZHumashev R.M., Miheeva L.V. Sbornik dokumentov i materialov. Karaganda: Izd-vo KarGU, 2007. 325 s.

Sulejmenova M.ZH., Shajmuhanova S.D., Makalakov T.Zh. Ispol'zovanie truda zaklyuchennyh filialov GULAGA dlya razvitiya narodnogo hozyajstva Central'nogo Kazahstana v 30-40-e gody HKH veka (Using the labor of the prisoners of the GULAG branches for the development of the national economy of Central Kazakhstan in the 30-40s of the twentieth century) // Uspekhi sovremennogo estestvoznaniya. 2013. №4. S.139-145.

FTAMP 03.20.00; 03.09.55

DOI 10.51943/1814-6961\_2021\_4\_136

## ПРОРВА-АСТРАХАНЬ ЛАГЕРЛЕР ТАРИХЫ АРХИВ ДЕРЕКТЕРІНДЕ (1932-1950 ЖЖ.)

Мұқтар Әбілсейіт<sup>1</sup>, Ахметова Улжан<sup>2</sup>, Жумабаев Амангелді<sup>1\*</sup>

<sup>1</sup>Сарайшық мемлекеттік тарихи-мәдени музей қорығы, Атырау қ., Қазақстан

<sup>2</sup>Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ., Қазақстан

\*Автор-корреспондент

E-mail: muktar64@mail.ru (Мұқтар), ulzhan.a67@mail.ru (Ахметова), tarix212@mail.ru (Жумабаев)

**Түйіндеме:** Мақала бүгінге дейін арнайы зерттелмеген, тарихи құжаттары ғылыми айналысқа енген КСРО көлемінде ГУЛАГ жүйесіне енген Прорва-Астрахань еңбекпен түзету лагерлерінің тарихына (1932-1950 жж.) арналған. Лагерь тарихы Ресей Федерациясы мемлекеттік архиві, Ресей Федерациясы Астрахань облысы Ішкі Істер Министрлігі Басқармасы Ақпараттық орталығы жанындағы арнайы архиві, Атырау облысы мемлекеттік архиві және Атырау облысы Полиция департаментінің арнайы мемлекеттік архиві құжаттары арқылы талданады. Архивтердегі тақырыпқа қатысты қорлар мәліметтерінен Прорва-Астрахань лагерлерінің Каспий жағалауында құрылу себептерін, орналасу территориясын, контингентін архив материалдарынан іздестіріп, тұтқындарының тұрмыстық, әлеуметтік жайын, тақырыптың зерттелу бағыттарын айқындап, әдіснамасы, библиографиялық және арнайы ғылыми еңбектер мен деректік құжаттары сараланады.

**Кілт сөздер:** Қазақстан тарихы, қуғын-сүргін, НКВД, ГУЛАГ, Прорвалаг, Астраханлаг, Гурьев, Астрахань, Каспий теңізі, естелік, адам құқығы.

Мақала Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі аясындағы №АР08856940 «ГУЛАГ жүйесіндегі Прорва және Астрахань лагерлері: «тарих, естелік, тағылым (1932-1950 жж.)» жобасын орындау аясында даярланды.

МРНТИ 03.20.00; 03.09.55

## ИСТОРИЯ ЛАГЕРЕЙ ПРОРВА-АСТРАХАНЬ В АРХИВНЫХ ИСТОЧНИКАХ (1932-1950 ГГ.)

Муктар Абилсеит<sup>1</sup>, Ахметова Улжан<sup>2</sup>, Жумабаев Амангелди<sup>1\*</sup>

<sup>1</sup>Государственный историко-культурный музей-заповедник «Сарайшык», г. Атырау., Казахстан

<sup>2</sup>Атырауский университет имени Х. Досмухамедова, г. Атырау., Казахстан.

\*Автор-корреспондент

E-mail: muktar64@mail.ru (Муктар), ulzhan.a67@mail.ru (Ахметова), tarix212@mail.ru (Жумабаев)

**Аннотация:** Статья посвящена истории Прорва-Астраханских исправительно-трудовых лагерей (1932-1950 гг.), вошедших в систему ГУЛАГа в масштабах СССР, исторические документы которых не вошли в научный оборот. История лагеря анализируется с помощью документов Государственного архива Российской Федерации, специального архива при Информационного центра МВД по Астраханской области, Атырауского областного государственного архива и специального государственного архива Департамента полиции Атырауской области. Из сведений фондов, относящихся к тематике в архивах, следует, что Прорва-Астраханские лагеря находятся на Каспийском побережье, обыскивают территорию дислокации, контингент в архивных материалах, определяют бытовое, социальное положение заключенных, направления изучения темы, анализируют методологию, библиографические и специальные научные труды и документальные документы.

**Ключевые слова:** История Казахстана, репрессии, НКВД, ГУЛАГ, Прорвалаг, Астраханлаг, Гурьев, Астрахань, Каспийское море, память, права человека.

IRSTI 03.20.00; 03.09.55

## THE HISTORY OF THE PRORVA-ASTRAKHAN CAMPS IN ARCHIVAL SOURCES (1932-1950)

Muktar Abilseit<sup>1</sup>, Akhmetova Ulzhan<sup>2</sup>, Zhumabaev Amangeldi<sup>1\*</sup>

<sup>1</sup>State historical and cultural museum-reserve «Saraishyk», Atyrau, Kazakhstan

<sup>2</sup>Atyrau University named after K.H.Dosmukhamedov, Atyrau, Kazakhstan

\*Corresponding author

E-mail: muktar64@mail.ru (Muktar), ulzhan.a67@mail.ru (Akhmetova), tarix212@mail.ru (Zhumabaev)

**Abstract.** The article is devoted to the history of the Prorva-Astrakhan correctional labor camps (1932-1950), which were included in the GULAG system on the scale of the USSR, the historical documents of which were not included in scientific circulation. The history of the camp is analyzed using the documents of the The State Archive of the Russian Federation, the Special Archive of the Information Center of the Ministry of Internal Affairs of the Astrakhan region, Atyrau Regional State Archive and the special State archive of the Atyrau Region Police Department. From the information of the funds related to the topic in the archives, it follows that the Prorva-Astrakhan camps are located on the Caspian coast, search the territory of the deployment, the contingent in archival materials, determine the everyday and social situation of prisoners, the directions of studying the topic, analyze the methodology, bibliographic and special scientific works and documentary documents.

**Key words:** History of Kazakhstan, repression, NKVD (PCIA), GULAG, Prorvalag, Astrakhanlag, Guryev, Astrakhan, Caspian Sea, memory, human rights.

**Кіріспе.** XX ғасырдың 20-50-жылдарындағы саяси қуғын-сүргін зобалаңы – қазақ тарихындағы қасіретті кезең. Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2020 жылдың 30 мамырындағы Саяси қуғын-сүргін және апаршылық құрбандарын еске алу күніне орай үндеуінде: «Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін осы нәубеттің құрбандарын мәңгі есте қалдыру үшін мемлекеттік деңгейдегі тиісті шараларды жүзеге асыра бастады. Кеңес заманында өмір сүрген халықтарға

«үлкен террордың» орасан зор қасірет әкелгені есімізде. Зұлмат жылдарда Қазақстанға КСРО-ның түкпір-түкпірінен бес миллионнан астам адам жер аударылды. 100 мыңға жуық азаматымыз қуғын-сүргінге ұшырап, соның 20 мыңнан астамы атылды», – деген болатын (<https://www.akorda.kz/kz/events/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyyn-sayasi-kugyn-surgin-zhane-asharshylyk-kurbandaryn-eske-alu-kunine-orai-undeui>). Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 10 қарашада №748 қаулысымен Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссия құрылды (<http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2000000748>). Мемлекеттік комиссияның «Қазақстан Республикасы Президентінің, Ішкі істер министрлігінің, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің, прокуратура органдарының және басқа да мемлекеттік мекемелердің архивтеріндегі жабық қорлардың саяси қуғын-сүргін жөніндегі материалдарының комиссия мүшелеріне, зерттеушілерге және ұрпақтарға қолжетімді болуын қамтамасыз ету бойынша ұсыныстарды тұжырымдау және енгізу» атты функциясы архивтердің жабық қорларында сақталған саяси-қуғын құрбандарын жарыққа шығару, толықтай ақтау мақсатында жүргізілетін жұмыстарының тарих ғылымы үшін маңызды.

Мақаламыздың басты мақсаты Қазақстан жеріндегі 1932-1950 жылдары аралығында жұмыс жасаған Прорва-Астрахань лагерлерінің тарихи орны, атқарған қызметтері, тұтқындары, олардың тағдырларын зерделеу, өткен тарихымыздан сабақ алу. Лагерлер бүгінгі Атырау облысы Каспий теңізі жағалауындағы бірнеше елді мекендерінде шашырай орналасты.

Материалдар мен әдістер. Зерттеудің негізгі әдіснамасы диалектика болып табылады. Соған орай диалектикалық өзара байланыс, тарихи оқиғалардың бірін-бірі толықтыруы, тарихылық, объективтілік маңызды рөл атқарады. Тарихи зерттеудің бастапқы әдіснамалық ғылыми принципі бүкіл фактілік материалдардың алдымен жаңа архивтік құжаттардың объективті сыни талдауына маңыз берілді. Архивтік зерттеулер барысында алынған барлық материалдар құрылымдық-функционалдық және жүйелілік талдауды қолдануды қажет етеді. ГУЛАГ жүйесіндегі Прорва және Астрахань лагерлерін әлеуметтік-экономикалық құрылымдар ретінде қарастыруға, олардың Қазақ КСР тарихы мен жалпы КСРО тарихындағы орны мен ролін анықтауға мүмкіндік береді. Ол үшін алдымен архив және заманында жарық көрген деректік құжаттарға толық тарихи салыстырмалы зерттеуді қажет етеді. Кеңес дәуірінде адамзат қоғамындағы өмір сүрудің құқықтық заңдылықтарының бұзылғанын байқаймыз. Прорва және Астрахань еңбекпен түзеу лагерлерінің құрылуына, қоғамдағы қандай саяси жағдайлар себеп болғандығын ашып, лагерлердің нақты қызметін айқындау, оның Кеңестік қоғамға тигізген пайдасы мен зияншылығын ашып көрсету. Кеңестер Одағында ГУЛАГ лагерлерінің тарихы халқының неліктен көлеңкелі тұсы болды деген сауалдарға, зардап шеккен мыңдаған қарапайым коммунистік мемлекет тұрғындары, ол кеңестік шаруашылықты басқаша ұйымдастыруға мүмкіншілік болмады ма, кеткен қателік неде, неден біз сабақ алуымыз керекпіз, тәуелсіз қоғамның іргесін бекітуде өткеннен тағылым алып, ащы тарихымызды нақты бейнелеп көрсетіп, келер ұрпаққа өсиеттеу парызымыз.

Талқылау. Кеңестік Қазақстан тұсындағы қуғын-сүргін тарихы зерттеушілер назарынан тыс қалған емес. Бұл арада алдымен қазақстандық тарихшы С.Д. Дильмановтың үш бірдей монографиясы Қазақстандағы лагерлер жүйесіне арналған. С.Д. Дильмановтың алғашқы «Исправительно-трудовые лагеря НКВД-МВД СССР на территории Казахстана (30-е -50-е годы XX века)» еңбегі Қазақстан территориясында XX ғасырдың 20-50 жылдарындағы еңбекпен түзеу лагерлерінің құрылу тарихы мен дамуын, оның ішінде тұтқындардың еңбектерін қолдануын, құрамын, әлеуметтік жағдайын, лагердің медициналық санитарлық жағдайын, тұтқындардың командалық-әкімшілік жүйеге қарсылығын анықтауға арналған (Дильманов, 2002:344). Зерттеуші еңбегі тікелей Қазақстандағы ГУЛАГ жүйесіндегі еңбекпен түзеу лагерлеріне арналғанымен Прорва–Астрахань еңбекпен түзеу лагерлері туралы жалпы мәлімет бере кетеді. Зерттеуші «ГУЛАГ НКВД-МВД СССР в карательной системе Советского государства (30-50-е годы 20 века)» атты монографиясында тақырыпты зерттеудің дерек көздері мен тарихнамалық мәселелеріне тоқталып, Кеңес үкіметінің және оның органдары құрылымының жазалау саясатын қалыптастыру және дамыту арқылы кеңестік лагерлері жүйесі ұйымдастырылғанын архив деректерімен дәлелдеген (Дильманов, 2018:627). Ғалымның үшінші еңбегі «Исправительно-трудовые лагеря военнопленных НКВД-МВД СССР на территории Казахстана (30-50-е годы 20 века)». Специальные лагеря НКВД-МВД СССР в 40-е годы 20 века» деп аталады. Еңбекте зерттеулерін одан әрі жалғастырып, КСРО НКВД-МВД «Арнайы лагерлерін» құру тарихына, оның ішінде қазақ жеріндегі «арнайы лагерлер» – Степлаг, Песчаный, Луговой, Дальний лагерлерін және арнайы мақсатты әскери лагерьлер тұтқындары тарихын зерттейді. С.Д. Дильманов еңбегінде Қазақстан аумағында КСРО НКВД-МВД ГУЛАГ жүйесінің қалыптасуы мен қызмет етуіне байланысты мәселелердің жүйелі түрде барлық мәселелерін ашып көрсеткен. Қазақстанда еңбекпен түзеу 21 лагері болғанын, ал бүкіл КСРО бойынша 476 лагерь болғандығын архив материалдарына сүйене жазады (Дильманов, 2019:644). Автор зерттеулерінде Прорва-Астрахань еңбекпен түзету лагерлерінің тарихын қысқа ғана атап өтеді. Зерттеуші бұның себебін бұл лагерлер орталығы алдымен Гурьевте орналасқандығы одан соң Астрахань қаласына ауыстырылуымен түсіндіреді, яғни,

Прорва-Астрахань еңбекпен түзету лагерлері туралы тек жалпы ақпарат беріп өткен. Лагердің негізгі орналасқан жері 1932 жылдың 05 қыркүйегінен бастап Каспий теңізіндегі Прорва аралында құрылған; лагерді басқаруды жүзеге асырылған жер Гурьев қаласы (қазіргі Атырау қаласы) (05.09.1932 ж.; 1940 ж.) мен Астрахань қаласында (07.09.1935 ж. және 21.04.1939 ж. бастап) болды (РФ АО ПМБ АО АА, 81:2). Әрине, ғалымға бұл лагерлер құжаттарының орталықта болуы, соның ішінде Прорва – Астрахань құжаттарының негізінен Астрахан архивінде орналасуы да өз әсерін тигізген болуы керек деп есептейміз. Қазақстандағы еңбекпен түзеу лагерлері тарихына байланысты архив және деректік құжаттармен сараланған арнайы ғылыми зерттеу еңбегі.

Еңбекпен түзеу лагерлері тарихы шетелдік ғалымдардың да зерттеу аумағына алынды. Аталған тақырыбымызда зерттеулерімен көзге түскен ресейлік тарихшы Г.М. Иванованың бірнеше еңбектерін атауымызға болады. Ғалымның «История ГУЛАГа 1918-1958: социально-экономический и политико-правовой аспекты» еңбегі әлемдік және отандық тарихнамада алғаш рет ГУЛАГ жүйесін Кеңес мемлекетінің әлеуметтік-экономикалық және саяси-құқықтық жағынан зерделеген еңбек (Иванова, 2006: 227).

Г.М. Иванованың соңғы зерттеулеріне назар аударсақ «Атлас ГУЛАГа» ғалымның редакторлық жауапты басшылығымен жарық көрген кітаптың алғысөзінде ГУЛАГ тарихы музейінің директоры Р.Романов: «Это издание, конечно, не ответит на все вопросы про историю ГУЛАГа, но поможет сориентироваться в основных понятиях, событиях и датах. Специалисты музея тщательно отобрали ключевые документы, статистические данные, цитаты, и фотоматериалы, с их помощью можно проследить зарождение, развитие и упадок репрессивной системы в СССР в период 1920-1950-х годов» деп түсініктеме берген. «Атлас ГУЛАГа» кітабында ГУЛАГ жүйесі туралы көптеген ғылыми зерттеулерді, архивтік құжаттарды, куәгерлер естелігін, сирек кездесетін архив фотосуреттерін және сол респрессия дәуірінің заттай куәгер музей жәдігерлерін берген. Осындай құжаттарды келтіре отыра зерттеушілер ГУЛАГ-тың географиялық және экономикалық мәселелерін, хронологиялық оқиғаларын, лагерлердегі өмір сүру жағдайы мен стратегиясын, сонымен бірге қазіргі ГУЛАГ туралы естеліктер мен ақтау процесі туралы баяндайды (Атлас ГУЛАГа, 2018: 5).

Г.М. Иванованың басшылығымен шыққан келесі кітап «Первое слово правды» бұл еңбектің маңыздылығы 1955 жылы 31 желтоқсанда «Поспелов комиссиясы» деген атаумен қалған партия, мемлекет, әскери қызмет басшыларына қарсы ұйымдастырылған саяси репрессия мәселесін анықтауға ұмтылған бірден-бір тарихта алғашқы құрылған комиссиясы жұмысын жариялаған. Кітапта комиссия төрағасы Поспеловтың жасаған баяндамасынан 1930 жылдардағы жаппай террор оқиғасын нақты дәйектермен баяндаған алғашқы сөз екенін жеткізген. Алғашқы сөзде Сталиннің халыққа жасаған қиянаты мемлекеттік деңгейде алғаш рет талқыланған. Кейін Поспелов комиссиясының материалдары КПСС-тің XX съезінде Хрущев жабық баяндамасында пайдаланған. Зерттеушілер архивтегі түпнұсқа құжаттарды жариялау арқылы «Үлкен террор»-дың басы болған тарихи баяндамаға ғылыми талдаулар мен түсініктемелер беру арқылы комиссия жұмысының ел тағдыры үшін қаншалықты тарихи маңызы болғанына баға береді (Первое слово правды, 2018: 5).

П.М. Поляның «Не по своей воле... История и география принудительных миграций» зерттеуі Кеңес өкіметінің алғашқы жылдарында басталған және 1930-шы жылдардың 2-жартысында, екінші дүниежүзілік соғыс жылдарында және соғыстан кейінгі алғашқы жылдары кулактарды жою кезінде күшті қарқын алған КСРО халқының репрессия арқылы ұйымдастырылған мәжбүрлі көші-қонына арналған (Полян, 2001:3-12).

О.В. Хлевнюктің «Сталин. Жизнь одного вождя» атты еңбегі өткен ғасырдың 30-жылдарында басталған және «үлкен террор» деп аталған өз халқын жаппай қуғын-сүргінде ұстаған И.В. Сталиннің жеке басына тоқталып, оның қоғамдық-саяси әрекетіне ықпал жасаған жағдайды барынша ашып көрсетуге күш салған (Хлевнюк, 2015:680).

Э. Эпплбаумның «ГУЛАГ» кітабы архивтік құжаттар мен куәгерлердің естеліктеріне негізделген кітап кеңестік лагерь жүйесінің даму тарихын 1918 жылы құрылған сәттен бастап сексенінші жылдардың ортасына дейінгі тарихи оқиғаларды тарқатқан. Одан әрі автор ГУЛАГ тарихы хронологиясы мен географиялық тарихын жаза автор орындаушылар мен құрбандардың логикасын қалпына келтіруге, өлтіруге не себеп болғанын және аман қалуға не көмектескенін түсінуге тырысады. Эпплбаум лагерьлерден өткен орыстар мен американдықтарға, поляктар мен еврейлерге, коммунистер мен анти-коммунистерге сөз береді және олардың дәлелдері тұтастық пен әсер ету күші жағынан керемет көрініс тауып, зерттеу құнын арттырған (Эпплбаум, 2017:688).

«Вертикаль Большого террора» монографиясының авторлары Марк Юнге (Германия), Геннадий Бордюгов (Ресей) және Рольф Биннер (Германия) жаппай қуғын-сүргіндегі орыс трагедиясының себептерінің бірін көреді. Ғалымдар НКВД-ның N00447 «бұрынғы кулактарды, қылмыскерлерді және басқа да антисоветтік элементтерді репрессиялау жөніндегі операция туралы» жедел бұйрығын зерттеп жатыр, ол бір жылдан астам репрессия архитектурасының негізіне айналды (1937 жылғы 30 Шілдеде кол қойылды, 1938 жылғы 26 қарашада жойылды). Авторлар бұйрық



жобасын, құжаттың өзін, оны жүзеге асыру тетіктерін (соттан тыс органдар арқылы – Үштік деп аталады), орындалуын, бақылауды, сондай-ақ, оны жою себептерін және нәтижесінде үлкен террор дәуірінің аяқталуын егжей-тегжейлі қайта құрылымдаған (Юнге, Бордюков, Биннер, 2008:778).

Қазіргі таңда Прорва-Астрахань еңбекпен түзеу лагерлерінің тарихына арналған жоба мүшелері У.Т. Ахметова, С.С. Исмаиловтың «Вопросы историографии формирования и функционирования системы ГУЛАГ» (Ахметова, Исмаилов 2021:199-205) және У. Ахметова, А. Жумабаевтың «Прорва-Астрахань лагерлері тарихы Атырау облысы архивтерінде (1932-1950 жж.)» (Ахметова, Жумабаев 2021: 295-304) мақалалары жарық көрді.

**Нәтижелері.** ГУЛАГ жүйесіндегі еңбекпен түзеу лагерлерінің бірі Прорва-Астрахань лагері туралы ізденісті Атырау облыстық мемлекеттік архивінен бастадық. Аталған тақырыбымызға қатысты нақты құжаттар сирек кездесті. Онда «Материалы по переселению колхоза «Бирлик» на новое места (1 января – 15 сентября 1938 г)» ісінде Прорва лагері орналасқан аумақта Прорва советінің қарауындағы «Бірлік» колхозы мүшелерінің Прорвадан Жылыойға көшу туралы арыздары сақталған (АОМА, 255:98). Прорва лагерінің территориясына жақын орналасқан елді мекендерді көшірген. Арыздың мәтінде біріншіден, біздің «Бірлік» колхозы Прорбаның басында колхоз болып құралған. Теңіздің толық, балықтың бар мезгілінде қоныстанып мекен етіп отырғанбыз. Бірақ, қазіргі уақытта бұл Прорбаның теңіз жағынан қашық және өзектің алқымынан балықшыларымыз ау құралымен судың жоқтығынан кәсіпке шыға алмаймыз. Екіншіден, Бұл Прорбаның қазіргі қалі мал болмаса адамның судан, тамақтан күнелтуі қазіргі бағытта қауіпті. Және қыс мезгілінде ішетін судан қамтамасыз бола алғанымыз жоқ. Оған себеп Прорба басындағы жұмысқа жарамдыларымыз кәсіп жасауға жұмыс жоқ, тамақ, күйіміз жоқ болғандықтан. Үшіншіден, жоғарыдағы жәйімізді айта келе, қасымызда отырған үкімет тәрбиесінде жүрген сотталғандармен бірге отыруды қолайсыз деп тауып, бізді осы Прорва басынан көшіріп Жылыой орталығынан қоныс беруді сұраймыз», деп келтіре қол қойғандар тізімін береді. Олар: Ысмағұлов, Көшербаев, Нұрбаев, Елемесов, Бесбаев, Көбенев, Күзембаев, Сисенов, Өмірғалиев, Оспанов, Қалмұқанов, Тоқаев, Тұрсынбаев, Қабақов, Нұрмақамбетов, Әбдіранов, Орекенов (АОМА, 255:98).

1938 жылдың тамыз айының 16-17 жұлдызы Жылой аудандық партия комитетінің бюросының аудандық атқару комитетінің призиდიумымен біріккен мәжілісі хаттамасынан байқағанымыздай Жылой ауданындағы балықшы колхоздарындағы тұрғындардың цингі (құркұлақ) ауруына екінші қайтара шалдығуы және оны ауыздықтау мәселелері қаралған.

1. Біздің Жылыой ауданындағы Цингінің шығуы екінші рет дей келе оның таралу себептерін барынша ашып көрсетеді. Біріншіден құркұлақ ауруының жаппай таралуына аудандық денсаулық бөлімінің жақсы қарамағандығынан, екіншіден, ауру таралуына халықтың тамақтануының әлсіздігінен болса, келер себеп, құркұлақ ауруының көбейіп кетуіне себеп болып отырған жағдай, колхоз басқармаларының қарауындағы мүшелеріне дұрыс жолбасшылық беріп, хал-тұрмысын жақсы тексеріп қарамауынан болып отыр. Оған колхоз басқармалары өзінің қарауындағы мүшелерінің санын да білмейді. Сонымен қатар сол қарауындағы мүшесінің қайда жүргенінен де хабарсыз...», – деген сындар айтып, аурудың шығу себептерін айқындай түседі (АОМА, 184: 104-107).

«Бумаги секретного характера спецчасти Гуркомбината о подготовке к призыву в РККА» -ісінде Мәскеу қаласындағы балық шаруашылығының басшысы Николаевтың Гурьев қаласындағы балық комбинатының басшысы Богановқа 1938 жылдың қаңтарында «ГУЛАГ НКВД»-сы тапсырмасымен «Прорвлаг НКВД»-сына 3 тонна құнбағыс майын жіберу туралы хат жолдаған. Өз кезегінде Боганов «Прорвлагқа» 3 тонна құнбағыс майының 0,5 тоннасы тапсырылғанын, 2,5 тоннасын кері қайтарылғаны туралы жауап жазады (АОМА, 764:23-26). Архив құжаттарына назар аударсақ, Кеңес өкіметінің алдында шешуін күтіп тұрған бірнеше мәселелер туындағанын аңғардық.

Ал Атырау облысы Полиция департаментінің Арнайы мемлекеттік архивінде сақтауда зерттеу тақырыбына қатысты біраз архив материалдары құжатталған. Олар:1) сот органдары арқылы қуғын-сүргінге ұшыраған және ақталған адамдардың қылмыстық істері және ақталуға жататын адамдардың қылмыстық істері құжаттары;2) Бұрынғы әскери тұтқындарға және бұрынғы КСРО-ның Германиядан еліне қайта оралған азаматтарына арналған филтрациялық және трофейлік материалдар құжаттары; 3) Қуғын-сүргінге ұшыраған адамдардың архивтік қылмыстық істер материалдары. Аталған үш қордың сақтау мерзімі тұрақты, сондай-ақ «құпия» белгісі бар құжаттар санатына жатқызылған. Бұл архив құжаттары Қазақстан Республикасы Ұлттық архив қорының құрамына кіреді және баға жетпес тарихи құндылыққа ие.

№27/6/ «Сот органдары ақтаған, қуғын-сүргінге ұшыраған адамдарға қатысты архивтік қылмыстық істер» қорында «Прорва» және «Астраханьлаг» арнайы лагерінде отырған 80-ге жуық саяси-қуғын сүргін құрбандарының жеке сауалнамалық мәліметтері, тергеу істері, атылғаны және ақталғандары туралы архив деректері берілген. Атасақ, 01100-ші істің, «Следственный фонд» бөлімінде «Прорвлаг НКВД» арнайы лагеріндегі 12 тұтқынға қатысты құжаттар келтірілген:

1) Капелиовича Вениамина Яковлевича, 2) Шпильмана Павла Николаевича, 3) Сеченова Бориса Владимирович, 4) Рачицкого Михаила Львовича, 5) Усалина Степана Васильевича, 6) Синякова Василия Васильевича 7) Мамед-Эфенди Якуб Кемаль, 8) Горбань Степана Васильевича, 9) Маркова Ивана Александровича, 10) Кильпиэ Эдуарда Андреевича, 11) Шелест Михаила Антоновича, 12) Глинскую Брониславу Антоновну. Все вышеперечисленные лица отбывая наказание в Прорва лагере НКВД (г. Гурьев) были вторично осуждены 8/IX-1937 г. тройкой УНКВД Зап. Каз. области по ст. 58-10-11 УК РСФСР к ВМН за исключением заключенного Мамед-Эфенди Якуб Кемалья, дело на которого было выделено в особое производство как на турецкого подданного (АОПД АМА, 01100: 57). Аталған 12 тұтқын орташа және жоғары білімді, лауазымды қызметтер атқарған азаматтар мен азаматшалар болған. Прорва лагерінде оларды «контрреволюциялық топ құруды мақсат етіп, лагерь билігін өздерінің қолына алмақ болды» деп айыптап ату жазасына кескен. «3-й отдел Прорвинский ИТЛ НКВД СССР 1937 г.» бөлімінде аталған тұлғалардың жеке сауалнамалық (анкеталық) істері, ату жазасына кесу туралы үкімі, ақталуы, тергеу істері берілген. Олардың лагерьге дейін қандай қызметпен айналысқаны жөнінде өмірбаяндық анықтама берілген (АОПД АМА, 01100: 114).

Келесі құжат: «Для сведения сообщаем, что о смерти Маркова Ивана Александровича и Синякова Василия Васильевича нами сообщалось их родственникам, документы об этом приобщены в приложении к арх. след. делу. Приложение: арх. след. дело №2218 в 1 томе, приложение к нему в 1 томе», – деген ақпаратың өз тарихы бар (АОПД АМА, 01100: 48). Архив құжаттарының өзінде бір тұтқын туралы екі түрлі мәлімет берілген, яғни, қай мәліметтің дұрыстығын айқындау үшін сол тұтқынға қатысты тағы бірнеше құжаттарды тауып, салыстырып зерттеуді қажет етеді. Мысалы, арнайы лагерьде тұтқында болған Иван Александрович Марковтың қызы Каширина (Маркова) Вера Ивановна әкесін іздеп Қауіпсіздік комитеті органдарына хаттар жолдаған. Хатқа төмендегіше әртүрлі органнан екі түрлі жауап келген. Алғашқысы: «Сообщаем, что гр-ке Кашириной (Марковой) Вере Ивановне 20 сентября 1957 года нами объявлено, что ее отец Марков И.А. был вторично осужден в 1937 году на 10 лет ИТЛ и, отбывая наказание, умер 3 марта 1940 г. от кровоизлияния в мозг» (АОПД АМА, 01100: 26) деп жауап берсе, келесі бір жауап төмендегідей: «Сообщаю вам, что в архивно-следственном деле №2218 имеется выписка из протокола заседания тройки при УНКВД по Западно-Казахстанской области от 8.9. 1937 года. Постановлением тройки за проведение шпионской деятельности Марков Иван Александрович осужден к расстрелу. В деле имеется выписка из акта от 11 сентября 1937 года, в которой значится, что постановление тройки в отношении Маркова И.А. приведено в исполнение» (АОПД АМА, 01100: 22). Нақты тергеу құжатында 1937 жылдың 11 қыркүйегінде атылған деп келтіреді. Бұл құжатты нақтылай түсу үшін тағы И.А. Марковке қатысты істерді тиянақты саралауға тура келеді. Осындай архив қорында әкесін, жолдасын, бауырын іздеп хат жазғандар көптеп кездеседі.

Жоғарыда аталған 12 тұтқынның арасында Мамед-Эфенди Якуб Кемаль есімді азаматтан басқасынан барлығы атылған. Мамед-Эфенди Якуб Кемаль туралы архив құжатында «Мамед Эфенди Кемаль с 1887 года рождения, гражданство турецкий подданный по национальности турок, последнее место жительства Москва музей «Варанское поле». Место рождения Крым, деревня Улусанов, образование высшее, историко-филоловский факультет, окончил в гор. Берута Турция в 1912 г. специальность востоковед, по соцпроисхождению из крестьян, имущественный цена не установлен, беспартийный имел тесную связь с троцкистами Карякиным и другими, осужден особым совещанием НКВД в 1935 г за подозрение в шпионаже, сроком на 5 лет, конец срока 1939 году» деп келтірген (АОПД АМА, 01100: 86). Сонымен Мамед Эфенди Кемаль дегеніміз кім? У.К. Мусаеваның «Деятельность Восточного музея в Ялте» атты мақаласында Якуб-Кемаль Ялтадағы Шығыс музейінде 1927 жылы директорлыққа қызметке кіріскен сәттен бастап, қырым татарларының тарихы мен этнографиясына негізделген музей экспозициясын жасақтағаны, «Надпись на портале «Мечети Узбека в гор. Старом Крыму» атты мақала жазу арқылы ғылыми бағытта ізденіп, дәлелдегені келтірілген (Мусаева, 2014:177). Түрколог, шығыстанушы, тарихшы, филолог, музей қызметкері Якуб Меметович Кемаль 1938 жылы ақпан айында Прорва еңбекпен түзеу лагеріне Қырым АКСР-ның НКВД қарауына этаптан келген. 1938 жылдың 12 қыркүйегінде «жүрек соғысының тоқтауына» байланысты іс тоқтатылған (Мусаева, 2014:179). Қазіргі таңда Симферополь қаласындағы бір көше Якуб Кемаль атымен аталады.



*Мамед-Эфенди Якуб Кемаль (Сурет У.К. Мусаеваның «Деятельность Восточного музея в Ялте» атты мақаласынан алынды).*

Атырау арнайы архивінде «Прорва» лагеріне қатысты іс-құжаттар тек 1937-1938 жылдар аралығын қамтыған. Атырау өлкесінде өзге республикадан келген ұлт өкілдері еңбекпен түзету лагерінде болған. Прорва лагерінде айдауда болған дәрігер-хирург Зелингер Эдуард Иванович (АОПД АМА, 01064:77), Ресей әскери қолбасшысы, генерал-лейтенант Стогов Николайдың ұлы Стогов Николай Николаевичтің (АОПД АМА, 01069:31), мәдениет саласының қызметкері Пак Анисия Данилованың тағы өзге де саяси тұтқындардың жеке істері архив қорында сақталған (АОПД АМА, 01089:1).

Зелингер Эдуард Иванович 1894 жылдың 24 қарашасында Одесса облысы, Карл Либнехт ауданы, Поречье селосында дүниеге келген. 8 жасынан 13 жасқа дейін Одесса облысында колонияда білім алса, 1913-1918 жылдар аралығында Одесса облысы, Вознесенск қаласында гимназияда оқыған. Одесса қаласындағы Новороссийск университетінің құқықтану факультетінде 1918-1920 жж. студенті, 1920 жылдың шілдесі мен 1921 жылдың тамызында Николаев қаласында Қызыл әскерінің штабының №4 гидродивизионда әскери борышын атқарған. 1921-1926 жж. Одесса мемлекеттік медицина институтында оқып, хирург мамандығын игерген. 1926-1931 жж. аралығында Одесса облысы, Гросе-Либенталь селосындағы аудандық ауруханада хирург, 1932-1934 жж. Одесса қаласындағы №1-інші Кеңес ауруханасының хирургы және №2-інші жалпы диспансердің бас дәрігері қызметтерін атқарған. Өз өмірбаянында 1933 жылдың 27 желтоқсанында Ішкі істер органымен ұсталып, 5 ай түрмеде болып, олтүстікке 5 жылға айдалған (АОПД АМА, 01064:1). Эдуард Иванович лагерь басқармасына жазған хатын түпнұсқа ретінде келтірсек: «Привожу факти мой работы, мое прибытия на 2-ое отд. Астраханского лагпункта свидетельствовало эпидемия малярии и энтероколитов. Несмотря на подьрванное здоровье после перенесенной дизентерии и малярии в Астрахани, мне Нач. Санотдела тов. Минский дал задание упорядочить лечебное дело и организовать хирургический стационар. В короткий срок это задание я выполнил, за что получил благодарность приказом по Управлению за №301 от 24/VIII-34 г. Имея хорошую хирургическую подготовку с воли и учитывая это, начальник Управления т. Соколов меня через 3 месяц моего пребывания в лагерях перебрасывает на остров Прорва, в I-ое отделение, организовать лечебно-хирургическую помощь, где особенно это чувствовалось из-за дальности Прорвы от материка. До моего прибытия на Прорву не было ничего похожего на хирургическую помощь. Не было ни подготовленного медперсонала и даже чего либо похожего на хирургию в се зачаточном состоянии. Пришлось начинать с азов. Не лучше обстояло дело с родовспоможении и абортивной помощью. Результаты моей работы на Прорве сделано 136 операций, 37 абортов и проведено 19 родов (АОПД АМА, 01064:54), Э.И. Зелингер аталған уақыт ішінде өзін білікті дәрігер ретінде көрсетіп, Гурьев қаласындағы НКВД мекемесінің санитарлық бөлімшесінің және орталық ауруханасының бас дәрігері қызметіне ауысады. 1937 жылы контрреволюциялық қызметі үшін ату жазасына кесілген.

Келесі бір тұлға, Стогов Николай Николаевич 1905 жылы Варшава қаласында дүниеге келген, атакты генерал Николай Стоговтың ұлы, 1934 жылы 58-баптың 10, 11 тармақтары бойынша 5 жылға сотталып, Прорваға жазасын өтеу үшін жіберілген. Лагерьде құрылыс секторы бойынша басшысы болып қызмет атқара жүріп, контрреволюциялық үгіттер жүргізген деген кінә тағылған. Іс құжатында Н.Н. Стоговтың мына сөздері болашақ тағдырын шешкен: «я являюсь врагом Соввласти и вдалнейшем буду мстить ей за мать и отца»; «Верховный совет избирается не для того,

чтобы освободить лагерников, а ему нужна бесплатная сила»; «Что Соввласть не способна сделать что либо доброго, хорошего, способны это сделать французы» (АОПД АМА, 01069:29). Николай Николаевич Стоговтың әкесі Николай Стогов - көрнекті әскери қайраткер, I Дүниежүзілік соғыста Оңтүстік-Батыс фронтының әскері штабының командирі, бас қолбасшы лауазымдарын атқарған. Әскери шені - генерал-лейтенант. Николай Стоговтың Татяна (27.04.1902), Надежда (03.09.1903), Николай (23.05.1905), Екатерина (21.10.1906), Ольга (14.11.1908) есімді ұл-қыздары болған ([https://w.histrf.ru/articles/article/show/stogov\\_nikolai\\_nikolaievich](https://w.histrf.ru/articles/article/show/stogov_nikolai_nikolaievich)). Генерал-лейтенанттың жалғыз ұлы Николай Прорва лагерінде, контр-революциялық әрекеті үшін 1937 жылы 8 қарашада ату жазасына кесілген (АОПД АМА, 01069:31).

Келесі архив құжаты Астрахань лагерінде қамауда болған қазақ сұлтандары тұқымының бірі Шығаев Халел Әжігерейұлы еді. Прорва-Астрахань лагерінде тұтқында болған Халел Әжігерейұлының ата тегі Әбілқайыр хан-Нұралы хан – Шығай – Жүсіп-Әжігерей болып келеді. Шығаев Халел Әжігерейұлы 1882 жылы Батыс Қазақстан облысы, Орда ауданы, Сайхын селосында дүниеге келген. Білімі орташа, фельдшер. Ново-Лицевой балық заводында пункт меңгерушісі болып қызмет атқарған. Жеке анкетасында отбасы жөнінде төмендегіше дерек келтіреді: Әкем – Шығаев Әжігерей (1932 ж. қайтыс болған), анам- Шығаева Бақтылы (1897 ж. қайтыс болған), әйелім – Шығаева Күля, ұлдарым – Шығаев Бәшір (1921 ж.), Шығаев Дәулет (1929 ж.). 1950 жылы 10 ақпанда антикөнестік үгіт-насихат жүргізді деп ұстаған (АОПД АМА, 1281:1-2). 1954 жылғы 28 шілдедегі дерек бойынша Астрахань облысы УМВД-сы, Еңбекпен түзеу колониясының №2 лагерь бөлімшесінде жазасын өтеп жатыр деген дерек береді (АОПД АМА, 1281:78). Халел Әжігерейұлы Шығаев сот отырысында: «В июле 1942 года среди своих знакомых я сказал строй есть по существу рабовладельческий строй, колхозники в нем ничего лучше не видят, круглый год трудятся, а заработанные ими деньги идут на расчет с налогами, в этом состоянии они обречены на голод и нищету»; «В сентября 1949 года, я будучи на квартире гр. Джандауова в разговоре с ним действительно восхвалял потомство казахских ханов и существовавшие в то время порядки» (АОПД АМА, 1281:80). тағы да біраз түсініктемелер берген. Аталған түсініктемелерді негізге ала отырып, 1950 жылы 25 сәуірде Гурьев облыстық соты Қылмыстық Кодекстің 58-10 статьясының 1-2 тармағы бойынша 8 жылға Еңбекпен түзеу лагеріне жазасын өтеу үшін жіберген. 1954 жылы 28 шілдеде Гурьев облысы Ішкі Істер басқармасының аға теркеушісі Құрманғалиев Шығаев Халелдің ісін қайта қарап, жасының 72-ке келгенін ескеруді, сотталғанға дейін қоғамға пайдалы қызметтер атқарғаны үшін және де 1953 жылғы 27 наурыздағы КСРО Жоғары Кеңесінің Президиумының «амнистия» үкіміне сәйкес босату туралы ұсыныс берген (АОПД АМА, 1281:81). 1955 жылы 9 маусымда ҚазақКСР Жоғарғы сотының шешімімен ақталған (<https://timenote.info/ru/Halel-Shigaev>).

Ресей Федерациясы Мемлекеттік архивінде болған ғылыми-зерттеу іс-сапары нәтижесінде тарихи құнды құжаттар табылды. Олардың алғашқысы 1932 жылдың 5 қыркүйектегі Прорва лагерінің құрылуы туралы бұйрықтың түпнұсқасы болды. Құжат мәтіні төмендегідей: «Приказы Объединенного Государственного Политического Управления за 1932 год. Содержание: №858/с Об организации Прорвинского Исправительного-Трудового лагеря ОГПУ. № 858/с. 5-го сентября 1932 г. гор. Москва №1. Организовать на территории Казахстана (остров Прорва в Каспийском море) Прорвинский исправительно-Трудовой лагерь ОГПУ с подчинением его Главному Управлению Исправительно-Трудовыми Лагерями ОГПУ. №2. Ввести в действие прилагаемые штаты Прорвинского лагеря и охраны. Зам. Председателя ОГПУ Г. Ягода (РФ МА, 2:75).

Р9401-к., 1а-т., №9-ыншы «Сборник совершенно секретных приказов НКВД СССР № 007 - 00428» ісінде Прорва лагерінің бас басқармасы Астрахань қаласынан Гурьев қаласына көшірілгендегі сақталған. Бұйрықтың мәтінін келтіре кетсек: Содержание: №00317-00323. Разосланы по принадлежности. №00324. Об изменении приказа НКВД ССР №0169 1935 года. №00324 29-го сентября 1936 г. гор. Москва. В связи с переводом Управления Прорвинского исправительно-трудового лагеря НКВД с территории Сталинградского края - из гор. Астрахани на территорию Казахской АССР в гор. Гурьев. Приказываю: Во изменении приказа НКВД СССР №00169 от 8/5-1935 г. Прорвинский исправительно-трудовой лагерь НКВД изъять из подчинения Управления НКВД по Сталинградскому краю и подчинить непосредственно Главному Управлению исправительно-трудовых лагерей, трудовых поселений и мест заключения НКВД. Отдел лагерей и мест заключения Управления НКВД по Сталинградскому краю переименовать в Отдел мест заключения. Заместитель Народного Комиссара внутренних дел СССР Комиссар государственной безопасности 1-го ранга Г. Прокофьев» (РФ МА, 9:240).

Лагерь басқармасының Астрахань қаласынан Гурьев қаласына көшірілуінің басты себебі Прорва, Гурьев, Бұрыншық секілді ірі бөлімшелердің Астрахань қаласынан қашықтықта орналасуы болды. Лагерь басқармасының көшірілуі қарсаңында алдын-ала дайындық жұмыстары басталғаны Астрахань облысы Ішкі Істер Министрлігі Басқармасы Ақпараттық орталығы қарасты арнайы архиві қорында сақталған. Аталған бұйрықтың түпнұсқасында: «Гурьев қаласындағы Прорвлаг

басқармасының аумағын және орман қорғау белдеулерін ұйымдастыруды, жер алқабын көгалдандыруды, ағаш және гүлмен безендіруді, сондай-ақ Каспийдің солтүстік-шығыс жағалауындағы шөлейт тұзды далаларды көгалдандыру бойынша шаруашылық тәжірибенің орасан зор практикалық маңызын ескере отырып, Гурьев бөлімшесінің жер учаскесін көгалдандыру мақсатында Бұйырамын:

Ауыл шаруашылық тобының жетекшісі агроном Апанашенкоға Гурьевте орналасқан Гурьев лагпунктіндегі Прорва басқармасы аумағын жасыл құрылыстың перспективалық жоспарын жасау тапсырылсын. Жоспармен қарастыру:

- А) желден қорғайтын орман белдеулерін отырғызу,
- Б) аумақты көгалдандыру,
- В) мәдениет және демалыс саябағын салу,
- Г) гүлді безендіру,
- Д) сол аудандағы өсімдіктерді Ботаникалық зерттеу үшін екпелерді пайдалану,

Жоспардың алдын ала материалдары комиссияға 1/II-36 жылдан кешіктірілмей ұсынылсын

Первомайский совхозындағы барлық сәндік отырғызу тұқымдарын Гурьевтегі ағаш отырғызу үшін брондап, 1936 жылғы алғашқы парходпен ауыстыруға дайындаңыз.

Екпелердің толық жоспары мен жобасын пысықтау жоғарыда аталған тұлғаларға 1936 жылдың 1 наурызынан кешіктірілмей аяқталсын. Басқарма бастығының орынбасары-Милевский (РФ АО ПМБ АО АА, 46:286).

Қ. Р9401, Т. 1 сч, №474 «Подлинные совершенно секретные приказы НКВД СССР за 1935 г. №00146-00299» ісінде Прорва лагерінің 1936 жылдың 23 сәуірінде бекітілген құрамы туралы №168-інші бұйрық шыққан. Бекітілген штаттық кестеде - Прорва еңбекпен түзеу лагерінің басқармасы, №1-інші Прорва бөлімшесі, №2-інші Астрахань бөлімшесі, Бұрыншық жеке лагерлік пункті, Гурьев жеке лагерлік пункті, №1,2,3,6 шаландардың жеке құрамдары бекітілген (РФ МА, 474:145-155). Прорва еңбекпен түзеу лагерінің басқармасының бекітілген жеке құрамы төмендегі №1 кестеде көрсетілген.

1 кесте. Прорва еңбекпен түзеу лагерінің басқармасының 1936 жылы бекітілген жеке құрамы (РФ МА, 474:146-148)

№	Бөлім атауы	Лауазым атауы	Саны			Ескерту
			е/н	т/н	Барлығы	
1		Басқарма басшысы	1	-	1	
2		Басқарма басшысының орынбасары х)	1	-	1	х) III бөлім басшысы
3		Заңгер кеңесші	1	-	1	
4		Хатшы	1	-	1	
Барлығы			4	-	4	
5	Жалпы әкімшілік бөлім	Бөлім басшысы	1	-	1	
6		Аға инспектор	1	-	1	
7		Өрт сөндіру инспекторы	1	-	1	
8		Іс жүргізу бөлімінің басшысы	1 х	-	1	х) шифрлаушы
9		Іс жүргізуші	-	2	2	
10		Теруші	2	4	6	
11		Комендант	1	-	1	
12		Радио-телеграф байланыс бөлімінің басшысы	1	-	1	
13		Радиотехник	-	1	1	
14		Телефонист	-	2	2	
Барлығы:			8	9	17	

15	Есепке алу және бөлу бөлімі	Бөлім басшысы	1	-	1	
16		Инспектор	1	-	1	
17		Аттестациялық комиссияның хатшысы	1	-	1	
18		Құпия іс жүргізу бөлімінің басшысы	1	-	1	
19		Экономист	-	1	1	
20		Жауапты орындаушы	-	6	6	
21		Есепке алушы	-	2	2	
22		Картаға тіркеуші	-	3	3	
23		Мердігер	-	1	1	
24		Архивші	-	1	1	
25		Іс жүргізуші	-	1	1	
Барлығы:			4	15	19	
26	III-інші Бөлім	Бөлім басшысының орынбасары	1	-	1	
27		Жедел уәкіл	3	-	3	
28		Уәкіл	4	-	4	
29		Іс жүргізу бөлімінің басшысы	1	-	1	
30		Саусақтардың таңбасын алушы	2	-	2	
Барлығы:			11	-	11	
31	Мәдени-тәрбие бөлімі	Бөлім басшысы	1	-	1	
32		Пом. Нач. Отдела	1	-	1	
33		Инспектор	1	-	1	
34		Нұсқаушылар	-	2	2	
35		Статистик	-	1	1	
36		Зав. культснабом	-	1	1	
Барлығы:			3	4	7	
37	Жабдықтау бөлімі	Бөлім басшысы	1	-	1	
38		Бөлім басшысының орынбасары	1	-	1	
39		Инспектор	2	-	2	
40		Экономист-жоспарлаушы	-	1	1	
41		Жауапты орындаушылар	-	6	6	
42		Ветеринарлық инспектор	-	1	1	
43		Санақшы	-	2	2	
44		Іс жүргізуші	-	1	1	
Барлығы:			4	11	15	
45	Қаржы бөлімі	Бөлім басшысы	1	-	1	
46		Бас есепші	1	-	1	
47		Аға есепші	1	2	3	
48		Есепшілер	-	3	3	
49		Есепші-экономист	-	2	2	
50		Аға есеп жүргізушілер	-	2	2	
51		Есеп жүргізушілер	-	4	4	
52		Қазынашы	1	-	1	
53		Іс жүргізуші	-	1	1	
54		Нұсқаушы	-	1	1	
55		Архивші	-	1	1	

Барлығы:			4	16	20	
56	Санитарлық бөлім	Бөлім басшысы	1	-	1	
57		Санитарлық бөлім	1	1	2	
58		Есепке-санаққа алушы	-	1	1	
Барлығы:			2	2	4	
59	Экономикалық-жоспарлау бөлімі	Бөлім басшысы	1	-	1	
60		Аға экономист	1	-	1	
61		Экономист	1	2	3	
62		Санақшы	-	1	1	
Барлығы:			3	3	6	
63	Өндірістік бөлім	Бөлім басшысы	1	-	1	
64		Бөлім басшысының орынбасары	1	-	1	
65		Қосалқы жұмысшылардың жетекшісі	1	-	1	
66		Аға экономист	1	-	1	
67		Экономист	-	2	2	
68		Нұсқаушылар	3	-	3	
69		Ихтиолог	-	1	1	
70		Инженер	-	7	7	
71		Инженер-механик	1	-	1	
72		Техник-жоспаршы	-	1	1	
73		Сызбашылар	-	2	2	
74		Іс жүргізуші	-	1	1	
75		Санақшы	-	1	1	
Барлығы			8	15	23	
76	Транспорт бөлімі	Бөлім бастығы	1	-	1	
77		Жауапты орындаушы	1	1	2	
78		Сызушы механик	-	1	1	
79		Іс жүргізуші	-	1	1	
Барлығы			2	3	5	
<b>Басқарма бойынша:</b>			<b>53</b>	<b>78</b>	<b>131</b>	

1-кестеде көрсетілгендей Прорва лагері басқармасы 10 бөлімнен және 131 штаттық бірліктен құралған. Штаттық бірлікте 78 тұтқын басқармада қызмет атқарған. Архив құжаттарымен жұмыс істеу барысында беделді ғалымдар, инженерлер, ихтиологтар Прорва лагерінде тұтқында болып, маңызды лауазымдарда қызмет атқарған.

Келесі лагерь тарихына маңызды құжат Прорва атауының Астрахань атауына ауысуы туралы бұйрық болып табылады. № 156-ыншы «О переименовании Прорвинского лагеря НКВД в Астраханский лагерь НКВД» бұйрығында Прорва аралындағы лагерьдің өндірістік қызметінің тоқтатылуына және лагерь басқармасының Астраханьға ауысуына байланысты Прорва лагері (Прорвалаг) Астрахань лагері (Астраханьлаг) болып өзгертілген (РФ МА, 514:320).

**Қорыта келе**, біз жұмыс жасаған архив құжаттары КСРО мемлекетінде ГУЛАГ жүйесі жоспарлы түрде құрылып, еңбекпен түзеу лагерлерінің тұтқындарын күштеп халық шаруашылығын көтеруге пайдаланғандығын дәлелдейді. Гурьевте Прорва-Астрахань еңбекпен түзету лагерлері бірнеше бөлімдері мен бөлімшелері, шаруашылық орындары және түрмелері болғандығы дәлелденіп отыр. Негізгі шаруашылығы балық шаруашылығымен айналысқан. Кеңестер Одағында балық шаруашылығы объектісі ретінде Владивостоктан кейінгі екінші маңызы бар халық шаруашылығын дамытқан орталығы болған.

#### Әдебиеттер тізімі

Атлас ГУЛАГа. (Иллюстрированная история Советской репрессивной системы) / Отв. редактор д.и.н. Г.М. Иванова. Москва: Издательская программа музея истории ГУЛАГа. 2018. 116 с.

- Атырау облыстық мемлекеттік архиві (одан әрі – АОМА). 57-к., 1-т., 255-іс, 98-п.  
 АОМА. 15-к., 1-т., 184-іс, 104-107-пп.  
 АОМА. 180-к., 1-т., 764-іс, 23-26-пп.
- Атырау облысы Полиция департаментінің Арнайы мемлекеттік архиві (одан әрі – АОПД АМА). 27/6/-к., 1-т., 01100-іс, Следственный фонд, 57-п.  
 АОПД АМА. 27/6/-к., 1-т., 01100-іс, 3-й отдел Прорвинский ИТЛ НКВД СССР 1937 г., 114 п.  
 АОПД АМА. 27/6/-к., 1-т., 01064-іс, 1-77-пп.  
 АОПД АМА. 27/6/-к., 1-т., 01069-іс, 31-п.  
 АОПД АМА. 27/6/-к., 1-т., 01089-іс, 1-п.  
 АОПД АМА. 27/6/-к., 1-т., 1281-іс, 1-81-пп.
- Ахметова У.Т., Жумабаев А.Ж. Прорва-Астрахань лагерлері тарихы Атырау облысы архивтерінде // БҚУ Хабаршысы. Ғылыми журнал. №1/81/2021. Орал. 295-304 б. <https://vestnik.wku.edu.kz/images/pomera/2021/1-2021.pdf> (қаралған күні: 09.09.2021).
- Ахметова У.Т., Исмаилов С.С. Вопросы историографии формирования и функционирования системы ГУЛАГ // Вестник КазНПУ имени Абая. Научный журнал. 1(68). 2021. Алматы. С. 199-205.
- Дильманов С.Д. Исправительно-трудовые лагеря НКВД-МВД СССР на территории Казахстана (30-е -50-е годы XX века). Алматы: «Кітап», 2002. 344 с.
- Дильманов С.Д. ГУЛАГ НКВД-МВД СССР в карательной системе Советского государства (30-50-е годы 20 века). Астана, Национальный университет обороны имени Первого Президента РК – Елбасы, 2018. 627 с.
- Дильманов С.Д. Исправительно-трудовые лагеря военнопленных НКВД-МВД СССР на территории Казахстана (30-50-е годы 20 века). Специальные лагеря НКВД-МВД СССР в 40-е годы 20 века. Астана, 2019. 644 с.
- Иванова Г.М. История ГУЛАГа, 1918-1958: социально-экономический и политико-правовой аспекты. Иванова Г.М. Москва: Наука, 2006. 227 с.
- Первое слово правды: Доклад Комиссии ЦК КПСС Президиуму ЦК КПСС по установлению причин массовых репрессий против членов и кандидатов в члены ЦК ВКП (б), избранных на XVII съезде партии. 9 февраля 1956г. / Отв.ред. и автор введения Г.М. Иванова; авт. послесловия А.К. Сорокин; сост. И авт. комментариев Т.М. Полянская, И.В. Удовенко. Москва: Музей истории ГУЛАГа, 2020. 182 с.
- Полян П.М. Не по своей воле... История и география принудительных миграций. Москва: Мемориал ОГИ, 2001. 328 с.
- Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күніне орай үндеуі / <https://www.akorda.kz/kz/events/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyn-sayasi-kugyn-surgin-zhane-asharshylyk-kurbandaryn-eske-alu-kunine-orai-undeui> (қаралған күні: 03.02.2021).
- Мусаева У.К. Деятельность Восточного музея в Ялте. Пространство и Время. 2014. 2(16). С. 175-180.
- Ресей Федерациясы Астрахань облысы Ішкі Істер Министрлігі Басқармасы Ақпараттық орталығы жанындағы арнайы архиві (одан әрі – РФ АО ПМБ АО АА). 87-к., 1-т., 81-іс., 2 п.  
 РФ АО ПМБ АО АА. 87-к., 1-т., 46-іс., 286-п.  
 РФ Мемлекеттік архиві (одан әрі – РФ МА). Р-9401-к., 1а-т., 2-іс, 75 п.  
 РФ МА. Р-9401-к., 1а-т., 9-іс, 240-п.  
 РФ МА. Р-9401-к., 1 сч-т., 474-іс, 47-55-пп.  
 РФ МА. Р-9401-к., 1 сч-т., 514-іс, 320-п.
- Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссия туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 10 қарашадағы № 748 қаулысы / <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2000000748> (қаралған күні: 03.02.2021).
- Стогов Николай Николаевич / [https://w.histrf.ru/articles/article/show/stogov\\_nikolai\\_nikolaievich](https://w.histrf.ru/articles/article/show/stogov_nikolai_nikolaievich) (қаралған күні: 06.02.2021).
- Халел Шигаев / <https://timenote.info/ru/Halel-Shigaev> (қаралған күні: 07.02.2021).
- Хлевнюк О.В. Сталин. Жизнь одного вождя. Москва: АСТ, 2015. 680 с.
- Эпплбаум Э. ГУЛАГ. Москва: АСТ, 2017. 688 с.
- Юнге М., Бордюгов Г., Биннер Р. Вертикаль большого террора: История операции по приказу НКВД № 00447. Москва: Новый Хронограф, 2008. 778 с.

### References

- Atlas GULAGa. (Ilstriuovannaya istoria Sovetskoi repressivnoi sistemy). (Atlas of the GULAG. An Illustrated History of the Soviet Repressive System) / Отв. редактор д.и.н. Г.М. Иванова. Москва: Izdatelskaya programma muzei istorii GULAGa, 2018. 116 s. [in Russian].
- Atyrau oblystyq memlekettik arhivi (Atyrau Regional State Archive (hereinafter ARSA), 57-k., 1-t., 255-іс, 98-п. [in Kazakh].



- ARSA, 15-k., 1-t., 184-is, 104-107-pp. [in Kazakh].
- ARSA, 180-k., 1-t., 764-is, 23-26-pp. [in Russian].
- Atyrau oblysy Politsiya departamentinin Arнай memlekettik arhivi (Special state archive of the Atyrau region Police Department (hereinafter ARPD SSA). 27/6/-k., 1-t., 01100-is, Sledstvenni fond, 57-p. [in Russian].
- ARPD SSA. 27/6/-k., 1-t., 01100-is, 3-i otdel Prorvinskii ITL NKVD SSSR 1937 g. 114-p. [in Russian].
- ARPD SSA. 27/6/-k., 1-t., 01064-is, 1-77-pp. [in Russian].
- ARPD SSA. 27/6/-k., 1-t., 01069-is, 31-p. [in Russian].
- ARPD SSA. 27/6/-k., 1-t., 01089-is, 1-p. [in Russian].
- ARPD SSA. 27/6/-k., 1-t., 1281-is, 1-81-pp. [in Russian].
- Ahmetova U.T., ZHumabaev A.ZH. Prorva-Astrahan lagerleri tarihy Atyrau oblysy arhivterinde (History of Prorva-Astrakhan camps in the archives of Atyrau region) / BKU Habarshysy. Gylymi zhurnal. №1/81/ 2021. Oral. 295-304 b. <https://vestnik.wku.edu.kz/images/nomera/2021/1-2021.pdf> (karalghan kuni: 09.09.2021). [in Kazakh].
- Ahmetova U.T., Ismailov S.S. Voprosy istoriografii formirovaniyai funkcionirovaniya sistemy GULAG (Questions of historiography of the formation and functioning of the Gulag system) // Vestnik KazNPU imeni Abaya. Nauchnyj zhurnal. №1(68). 2021. Almaty. S. 199-205. [in Russian].
- Dilmanov S.D. Ispravitelno-trudovoyelageria NKVD-MVD SSSR na territorii Kazahstana (30-e – 50-e gody XX veka) (Correctional labor camps of the NKVD-MVD of the USSR on the territory of Kazakhstan (30s-50s of the XX century). Almaty: «Kitap», 2002. 344 s. [in Russian].
- Dilmanov S.D. GULAG NKVD-MVD SSSR v karatelnoi sisteme Sovetskogo gosudarstva (30-50-e gody 20 veka) (GULAG OF the NKVD-the Ministry of Internal Affairs of the USSR in the punitive system of the Soviet state (30-50s of the XX century). Astana, Nacionalnyi universitet oborony imeni Pervogo Prezidenta RK – Elbasy, 2018. 627 s. [in Russian].
- Dilmanov S.D. Ispravitelno-trudovye lageria voenno plennyh NKVD-MVD SSSR natorritorii Kazahstana (30-50-e gody 20 veka). Specialnye lagerja NKVD-MVD SSSR v 40-e gody 20 veka (Correctional labor camps of prisoners of war of the NKVD-MVD of the USSR on the territory of Kazakhstan (30-50 - ies of the XX century). Special camps of the NKVD-MVD of the USSR in the 40s of the XX century). Astana, 2019. 644 s. [in Russian].
- Ivanova G.M. Istoriya GULAGa, 1918-1958: social'no-ekonomicheski i politiko-pravovoi aspekty (The history of the General Directorate of Camps, 1918-1958: socio-economic and political-legal aspects). Moskva: Nauka, 2006. 227 s. [in Russian].
- Pervoe slovo pravdy: Doklad Komissii CK KPSS Prezidiumu CK KPSS poustanovleniyu prichin massovyh repressii protiv chlenovi kandidatov v chleny CK VKP (b), izbrannyh na XVII siezde partii. 9 fevralya 1956 g. (The first word of truth: Report of the Commission of the Central Committee of the CPSU to the Presidium of the Central Committee of the CPSU on the establishment of the cause of mass repressions against members and candidates of the Central Committee of the CPSU (b), elected at the XVII Party Congress. February 9, 1956) / otv. red. i avtorv vedeniya G.M. Ivanova; avt. poslesloviya A.K. Sorokin; sost. I avt. kommentariiev T.M. Polyanskaya, I.V. Udovenko. Moskva: Muzei istorii GULAGa, RGASPI, 2020. 182 s. [in Russian].
- Poljan P.M. Ne posvoej vole... Istoriyai geografija prinuditel'nyh migracij (Not by choice... History and geography of forced migrations). Moskva: Memorial OGI, 2001. 32 s. [in Russian].
- Memleket basshysy Kasym-Zhomart Tokaevtyn Sayasi kugyn-surgin zhane asharsylyk kurbandaryn eske alu kunine orai undeui (Address of head of State Kassym-Jomart Tokayev on the occasion of the day of remembrance of victims of political repression and famine). <https://www.akorda.kz/kz/events/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyn-sayasi-kugyn-surgin-zhane-asharsylyk-kurbandaryn-eske-alu-kunine-orai-undeui> (karalghan kuni: 03.02.2021). [in Kazakh].
- Musaeva U.K. Dejatelnost Vostochnogo muzeja v Yalte (Activities of the Oriental Museum in Yalta) / Prostranstvo Vremja .2014. №2(16). S. 175-180.
- Resei Federacijasynyn Astrahan oblysy Ishki ister basqarmasy Akparattyk ortalygy karasty arнай arhivi (Archive of the Department of internal affairs of the Astrakhan region of the Russian Federation – ADIAAR RF). 87-k., 1-t., 81-is., 2 p. [in Russian].
- ADIAAR RF (Archive of the Department of internal affairs of the Astrakhan region of the Russian Federation). 87-k., 1-t., 46-is., 286 p. [in Russian].
- ADIAAR RF. P.9401-k., 1a-t., 2-is, 75 p. [in Russian].
- RF MA [State Archives of the Russian Federation – SA RF]. R9401-k., 1a-t., 9-is, 240 p. [in Russian].
- SA RF. R9401-k., 1 sch-t., 474-is, 47-55 pp. [in Russian].
- SA RF. R9401-k., 1 sch-t., 514-is, 320 p. [in Russian].
- Sayasi kugyn surgin kurbandaryn tolyk aktau zhonindegi memlekettik komissiya turaly Kazakstan Respublikasy Ukimetinin 2020 zhylygy 10 karashadagy № 748 kaulysy (Resolution of the Government of the Republic of Kazakhstan dated November 10, 2020 No. 748 on the state commission for the full

rehabilitation of victims of political repression). <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2000000748> (karalghan kuni: 03.02.2021). [in Kazakh].

Stogov Nikolai Nikolaevich (Stogov Nikolai): [https://w.histrf.ru/articles/article/show/stogov\\_nikolai\\_nikolaevich](https://w.histrf.ru/articles/article/show/stogov_nikolai_nikolaevich) (karalghan kuni: 06.02.2021). [in Russian].

Halel Shigaev (Halel Shigaev). <https://timenote.info/ru/Halel-Shigaev> (karalghan kuni: 07.02.2021). [in Russian].

Hlevnjuk O.V. Stalin. Zhizn odnogo vozhdja (Stalin. The Life of a Leader). Moskva: AST, Corpus, 2015. 680 s. [in Russian].

Ерпльбаум Е. ГУЛАГ (General Directorate of Camps). Moskva: AST, 2017. 688 s. [in Russian].

Junge M., Bordjugov G., Binner R. Vertikal bolshogo terrora: Istorija operacii popri kazu NKVD № 00447 (The vertical of the Great Terror: The history of the operation by order of the NKVD No. 00447) Moskva: Noviy Hronograf, 2008. 778 s. [in Russian].

ГТАХР 03.20.00

DOI 10.51943/1814-6961\_2021\_4\_149

### ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ 1921-1922 ЖЫЛДАРДАҒЫ АШАРШЫЛЫҚ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЗАЛДАПТАРЫ (СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН МАТЕРИАЛДАРЫНЫҢ НЕГІЗІНДЕ)

Қозыбаева Махаббат Мәлікқызы<sup>1</sup>ИД, Құдайбергенова Айжамал Ибрагимқызы<sup>1</sup>ИД,  
Байдалы Рауан Жомартұлы<sup>2\*</sup>

<sup>1</sup>Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты, Қазақстан, Алматы

<sup>2</sup>А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қазақстан, Қостанай

\* Корреспондент автор

E-mail: koz.mahabbat\_85@mail.ru (Қозыбаева), akudaybergen@mail.ru (Құдайбергенова), rbaidali@mail.ru (Байдалы)

**Түйіндеме.** Мақалада авторлар 1921-1922 жылдардағы ашаршылықтың себеп-салдарын, Ресейдің зардап шеккен басқа аудандарымен салыстырғанда Қазақстанды азық-түлікпен қамтамасыз етудің қиын, шиеленісті болғандығын ашып көрсетеді. Азамат соғысы кезіндегі күйзеліс, қираушылық пен тәртіпсіздік ашаршылықты өршітіп, мәселелерді тез шешуге кедергі келтірді.

Қазақстанның солтүстік-батыс облыстарында ашаршылық табиғи апаттың салдарынан ғана емес, азық-түлік отрядтарының ауыл шаруашылығы өнімдерін артық деп есептеп, қалдырмай алып кетуіне байланысты орын алды. Қазақ халқы экономикадағы түбегейлі өзгерістерге, ерекше мал басының күрт қысқаруына байланысты ашаршылыққа ұшырады.

Мақалада ашаршылықтың салдары босқындар санының өсуі, аурулардың таралуы, балалардың панасыз қалуы, қылмыстың көбеюі және т.б. негізінде көрсетіледі. Авторлар аштыққа ұшырағандарға көмек көрсетілсе де, оның жеткіліксіз болғанын нақтылап, халықаралық ұйымдардың аштықпен күресудегі рөлін ашады.

**Кілт сөздер:** соғыс коммунизмі, азық-түлік салғырты, ашаршылық, Кеңес өкіметі, большевиктер, ашаршылыққа ұшырағандарға көмек көрсету комиссиялары, қайырымдылық ұйымдары

МРНТИ 03.20.00

### ГОЛОД 1921-1922 ГОДОВ В КАЗАХСТАНЕ И ЕГО ПОСЛЕДСТВИЯ (НА ОСНОВЕ МАТЕРИАЛОВ СЕВЕРНОГО КАЗАХСТАНА)

Қозыбаева Махаббат Маликовна<sup>1</sup>ИД, Құдайбергенова Айжамал Ибрагимовна<sup>1</sup>ИД,  
Байдалы Рауан Жомартұлы<sup>2\*</sup>

<sup>1</sup>Институт истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. Казахстан, Алматы.

<sup>2</sup>Костанайский региональный университет им. А. Байтұрсынова. Казахстан, Костанай.

\* Автор-корреспондент

E-mail: koz.mahabbat\_85@mail.ru (Қозыбаева), akudaybergen@mail.ru (Құдайбергенова), rbaidali@mail.ru (Байдалы)

**МАЗМҰНЫ  
СОДЕРЖАНИЕ  
CONTENTS**

**ДЕРЕКТАНУ ЖӘНЕ ТАРИХНАМА  
ИСТОЧНИКОВЕДЕНИЕ И ИСТОРИОГРАФИЯ  
SOURCE STUDING AND HISTORIOGRAPHY**

- Әбсадық А.А., Қабылдинов З.Е., Арықбаева Ж.  
А. ВАСИЛЬЕВТИҢ «ИСТОРИЧЕСКИЙ ОЧЕРК РУССКОГО ОБРАЗОВАНИЯ  
В ТУРГАЙСКОЙ ОБЛАСТИ» АТТЫ ЕҢБЕГІНІҢ ТАРИХИ ДЕРЕКТІК  
ЖӘНЕ ТАНЫМДЫҚ МӘН-МАҢЫЗЫ (ОЧЕРКТИҢ І БӨЛІМІ БОЙЫНША).....5
- Нартбаев Ш.Ж., Қабыл А.Ә., Мамраймов С.Д.  
ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҰЛТ-АЗАТТЫҚ ҚОЗҒАЛЫСТАР ТАРИХЫН (XVIII-XIX ҒАСЫРЛАР)  
ЗЕРТТЕУДІҢ ЖӘНЕ ОҚЫТУДЫҢ МАҢЫЗЫ, ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....16
- Мақсұтова А.Ә., Кумеков Б.Е., Апашева С.  
М.Х. ДУЛАТИ ЖӘНЕ ОНЫҢ «ТАРИХ-И РАШИДИ»  
ЕҢБЕГІ ОРТАЛЫҚ АЗИЯ ЕЛДЕРІ МЕН ҚАЗАҚСТАН ТАРИХНАМАСЫНДА.....26

**ОРТА ҒАСЫРЛАР ТАРИХЫ  
СРЕДНЕВЕКОВАЯ ИСТОРИЯ  
MEDIEVAL HISTORY**

- Уткирбай Ағатай  
КОПЬЯ И ПИКИ ПОЗДНЕСРЕДНЕВЕКОВЫХ КОЧЕВНИКОВ ВЕЛИКОЙ СТЕПИ  
(ПО МАТЕРИАЛАМ ГЕРОИЧЕСКОГО ЭПОСА КАЗАХОВ (НОГАЙЛИНСКИЙ ЦИКЛ).....36
- Маргулан А.С.  
АНАЛИЗ ВОСТОЧНЫХ ЛЕТОПИСЕЙ XIV-XVI ВВ.  
ПО ГЕНЕАЛОГИИ ЧИНГИСХАНА И ЭМИРА ТИМУРА.....45
- Кутулуков Ш.П.  
ОСОБЕННОСТИ ФОРМИРОВАНИЯ ГОСУДАРСТВА  
КОЧЕВЫХ УЗБЕКОВ В КОНТЕКСТЕ КОНСТРУКТИВИЗМА.....56
- Лапин Н.С.  
СУЛТАН УРАЗ-МУХАММЕД И КАЗАХСКО-РУССКИЕ ПОСОЛЬСКИЕ  
СВЯЗИ В КОНЦЕ XVI В. (ПО МАТЕРИАЛАМ РҒАДА).....65

**ЖАҢА ЗАМАН ТАРИХЫ  
НОВАЯ ИСТОРИЯ  
NEW HISTORY**

- Torlanbayeva K.  
COLONIAL RUSSIA'S POLICY TOWARDS ISLAM IN KAZAKHSTAN  
(BASED ON THE MATERIALS OF THE ORENBURG STATE ARCHIVE).....76
- Ахмет А.К., Шотанова Г.А., Ужкенов Е.М., Ермекбаев А.А.  
ЖӨҢГІР ХАН: КҮНГЕЙ МЕН КӨЛЕҢКЕ БЕТТЕРІ.....81
- Әпендиев Т.Ә.  
ҚАЗАҚ ТАРИХЫНДАҒЫ КЕНЕСАРЫ ХАННЫҢ БАТЫРЛЫҚ ТҮЛҒАСЫ.....91
- Kaumen D.I., Sadykov T.S., Maxutova A.A.  
NATIONAL HUMAN CAPITAL IN KAZAKHSTAN AT THE BEGINNING  
OF THE XX CENTURY: STUDY OF THE ACTIVITIES OF THE ALASH INTELLIGENCE.....99

**КЕҢЕС ДӘУІРІ ТАРИХЫ  
ИСТОРИЯ СОВЕТСКОГО ПЕРИОДА  
SOVIET PERIOD HISTORY**

Кабульдинов З.Е., Оралова А.А., Тылахметова А.С. НЕКОТОРЫЕ АСПЕКТЫ ИЗ ОБЩЕСТВЕННО-ПОЛИТИЧЕСКОЙ ЖИЗНИ С. САДУАКАСОВА.....	107
Капаева А.Т. КЕҢЕС ӨКІМЕТІНІҢ «ӘСКЕРИ КОММУНИЗМ» ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АЗЫҚ-ТҮЛІК САЯСАТЫ.....	117
Мусағалиева А.С. ЧИСТКА КОЛХОЗОВ ОТ «БАЙСКО-КУЛАЦКОГО ЭЛЕМЕНТА...»: РЕПРЕССИВНАЯ ПОЛИТИКА СОВЕТСКОЙ ВЛАСТИ В ТЕЛЬМАНОВСКОМ РАЙОНЕ КАРАГАНДИНСКОЙ ОБЛАСТИ В 1932-1933 ГГ.....	125
Мұқтар Ә.Қ., Ахметова У., Жумабаев А. ПРОРВА-АСТРАХАНЬ ЛАГЕРЛЕРІ ТАРИХЫ АРХИВ ДЕРЕКТЕРІНДЕ (1932-1950 ЖЖ.).....	136
Қозыбаева М.М., Құдайбергенова А.И., Байдалы Р.Ж. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ 1921-1922 ЖЫЛДАРДАҒЫ АШАРШЫЛЫҚ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЗАРДАПТАРЫ (СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН МАТЕРИАЛДАРЫ НЕГІЗІНДЕ).....	149
Хайдаров Е.Е. ОРАЛ ГУБЕРНИЯСЫНДАҒЫ АШАРШЫЛЫҚ (1921-1922 жж.).....	157
Конкабаева А.Н., Мурзаходжаев К.М. НЕКОТОРЫЕ АСПЕКТЫ ИСТОРИИ ГОЛОДА В КАЗАХСТАНЕ В 1921-1922 ГОДАХ: В АРХИВНЫХ ДОКУМЕНТАХ И ПИСЬМЕННЫХ МАТЕРИАЛАХ.....	166
Мухамбетғалиева А.К. ПЕНСИОННОЕ ОБЕСПЕЧЕНИЕ НАСЕЛЕНИЯ АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ В ПОСЛЕВОЕННЫЕ ГОДЫ (1946-1953).....	172
Аманбекова Н.Д., Бакирова Ж.С. 1925-1991 ЖЫЛДАРДАҒЫ ЗАЙСАН ҚАЛАСЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ, МӘДЕНИ ДАМУЫ: ТАРИХИ ТАЛДАУ.....	182

**САЯСИ ТАРИХ  
ПОЛИТИЧЕСКАЯ ИСТОРИЯ  
POLITICAL HISTORY**

Борбасов С.М., Жүнісова Б.Н. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ СЫРТҚЫ САЯСАТТАҒЫ БАСЫМДЫҚТАРЫ: ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ ЖӘНЕ НЕГІЗГІ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	191
---	-----

**ЭТНОЛОГИЯ ЖӘНЕ АРХЕОЛОГИЯ  
ЭТНОЛОГИЯ И АРХЕОЛОГИЯ  
ETHNOLOGY AND ARCHEOLOGY**

Ақымбек Е.Ш., Железняков Б.А. АНТИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ЕРТЕ ОРТА ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАННЫҢ ОЙМЫШТЫ ТАС МӨРЛЕРІ.....	204
Тұяқбаев М.Қ., Түрсүн Х.М., Исаев М.С., Байболов Б.Қ., Шаметов С.Т. ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ КЕСЕНЕСІ МАҢЫНДАҒЫ ҮЛКЕН «ҚЫЛУЕТ» ЖЕРАСТЫ МЕШТІНІҢ АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕЛУІ.....	213
Утубаев Ж.Р. АНТИЧНЫЕ ПОСЕЛЕНИЕ БАЛАНДЫ.....	222

Ужкенов Е.М., Шотанова Г.А., Морякова М.Т.  
ФЕНОМЕН ОСЕДЛОЙ КУЛЬТУРЫ В КОЧЕВОЙ СРЕДЕ  
(НА ПРИМЕРЕ ЗОЛОТООРДЫНСКОГО ГОРОДИЩА АКТОБЕ).....230

Имярова З.С., Джон А.А.  
ВЛИЯНИЕ ЭТНИЧЕСКОЙ СРЕДЫ НА ТРАДИЦИОННУЮ  
КУЛЬТУРУ КИТАЙСКИХ МУСУЛЬМАН (ДУНГАН) В ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ.....239

**ЕСКЕ АЛУ  
ПАМЯТЬ  
MEMORY**

Мұқаметханұлы Н.  
АКАДЕМИК МАНАШ ҚОЗЫБАЕВ - ТӘУЕЛСІЗДІК САНАНЫҢ ЖАРШЫСЫ  
(ҒАЛЫМНЫҢ 90 ЖЫЛДЫҒЫНА).....248

Алимгазинов К.Ш.  
ИСТОРИОГРАФИЧЕСКИЙ ВКЛАД Б.М. СУЖИКОВА В РАЗВИТИЕ  
ОТЕЧЕСТВЕННОЙ НАУКИ (К 70-ЛЕТИЮ СО ДНЯ РОЖДЕНИЯ УЧЕНОГО).....252

**ҒЫЛЫМИ ӨМІР  
НАУЧНАЯ ЖИЗНЬ  
SCIENTIFIC LIFE**

ТОРЖЕСТВЕННОЕ МЕРОПРИЯТИЕ ПО ВРУЧЕНИЮ НАГРАД – ОСНОВОПОЛОЖНИКУ  
АНТРОПОЛОГИЧЕСКИХ ИССЛЕДОВАНИЙ В КАЗАХСТАНЕ ОРАЗАКУ ИСМАГУЛОВУ  
И ВИДНОМУ АНТРОПОЛОГУ АЙНАГУЛЬ ИСМАГУЛОВОЙ.....256

Әлімғазы Дәулетхан  
АКАДЕМИК ОРАЗАҚ СМАҒҰЛОВ ТАҒЫЛЫМЫ.....258

**Басуға 23.12.2021 қол қойылды**  
Шартты баспа табағы –12,5  
Офсеттік басылым  
Таралымы 150 дана.

Ш.Ш. Уәлиханов атындағы  
Тарих және этнология институты, «Отан тарихы»  
журналының редакциясында басылды